

## ЕЛ МЕН СЕЛ

*Тілсіз жау әлі де тізгінге ырық бермей тұр. Еліміздің бес аймағындағы су қоймалары кемеріне келіп қалды. Әсіресе батыс өңіріндегі өзен суларының деңгейі күн сайын өрлеп бара жатқаны байқалады. Соған сай мемлекеттік құрылымдармен бірге жұртшылық та тайлы-тұяғы қалмай Жайықтың жағасында дамылсыз дамбы салып, келе жатқан қауіптің алдын алуға жұмылды.*

### Қауіп сейілмей тұр

Су тасқыны жағдайы туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында ТЖМ Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің аға офицері Сайпапш Ерасыл жедел ақпарат берді. Оның дерегі бойынша Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарында 3 358 жеке тұрғын үй, 326 аула және 2 089 саяжай үйлері су астында қалып отыр. Сондай-ақ республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар автожолдардағы 100 автожолдың, оның ішінде 9 көпір және 91 жол төсемін су шайған. 114 жолды су шайған. Қазір еліміздің 69 елді мекенінде көлік қатынасы үзілген. Азаматтық қорғау қызметтерімен 80 мыңнан аса адам құтқарылған, оның ішінде 29 мыңға жуық бала бар. 7 656 адам қауіпсіз жерге орналастырылды.

ТЖМ және жергілікті атқарушы органдардың күшімен 7,9 млн текше метрден аса еріген су тартылғанын, 1 млн-нан аса қап құм, 1 мың тонна инертті материал төселгенін жеткізді.

Сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстарына 18 мыңға жуық адам, 3,5 мыңға жуық техника, 9 әуе кемесі жұмылдырылған.

«Еліміздің 9 өңірі – Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Ақмола, Қарағанды, Атырау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында жергілікті ауқымдағы 29 төтенше жағдай жарияланды. 20 өңірде республикалық және облыстық жедел штабтар жұмыс істеп жатыр», деді ол.

Батыс Қазақстан облысында да су басу қаупі сейілген жоқ. Облыс орталығы мен 4 ауданға қатер төніп тұр. Мәселен, Ақжайық, Бәйтерек, Бөрлі, Теректі аудандары Жайықтың бойында орналасқан. Жайық – Ресейдің Челябинск облысынан келетін өзен. Кейінгі күндері су көлемі 2 140 текше метрге дейін жеткен.

### Ауа райы алаңдатады

Синоптиктер Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар облыстары бойынша 9 гидрологиялық дауылды ескерту жариялады. Болжамды республикалық ақпараттық штабта өткен брифингте «Қазгидромет» РМК баспасөз хатшысы Алина Исмағұлова мәлімдеді.

Оның айтуынша, солтүстік-батыста, солтүстікте, республиканың орталығында жауын-шашын жауады. Мәселен, СҚО бойынша 9-11 сәуірде Есіл өзен салаларында еріген су ағынының қаржыны күшейтіп, мұз еріп, су деңгейі шектік белгілерге дейін күрт көтерілуі ықтимал. Алматы облысында 9-10 сәуір аралығында жауын-шашын мол болу-



ына байланысты таудағы еріген қар суымен өзендер көтеріледі деп болжанады. Бұл ретте тасқын болуы мүмкін. Сондай-ақ Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің бассейндеріне қар көшкіні түсу қаупі бар. Ал Ақмола облысы Атбасар ауданындағы Жабай өзені арнасынан асады дейді мамандар.

«Елдің солтүстік-батысында, солтүстігінде түнде жауын-шашын (жаңбыр-қар аралас) болады, күндіз жаңбыр жауады, оңтүстік-шығыстың таулы аймақтарында жауын-шашын жауады, шығыс, оңтүстік, оңтүстік-шығыс облыстарында қатты жаңбыр жауып, найзағай ойнайды. Тек елдің батысында, оңтүстік-батысында жауын-шашынсыз ауа райы тұрақты», деді А. Исмағұлова.

Елдің бір бөлігінде тұман, желдің күшеюі, солтүстігінде көктайғақ, оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында дауыл тұрып, бұршақ жауады деп болжанады.

### Ел дегенде көмекке әзір

Тасқынға – тосқын болуға кіріскен еріктілердің саны күн сайын өсіп жатыр. Жергілікті жұртшылықпен бірге 25 мыңнан аса волонтер қызмет көрсетіп жүр. Еріктілердің ең басты атқарып жатқан жұмысы – зардап шеккен тұрғындарды ыстық тамақпен, жылы киіммен, жататын төсек орындарымен қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта зардап шеккен жандарға дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылып жатыр. Бұл жөнінде «Ұлттық волонтерлік желі» ұйымының өкілі Айбек Досымбетов айтып берді.

«Волонтерлер құтқарушыларды ыстық тамақпен қамту жұмыстарын жасап жатыр. Барлық 20 аймақта жедел жері телефондары іске

қосылған. Гуманитарлық көмек жинау орталықтары ашылып, бұл көмек зардап шеккен аймақтарға жіберіледі. Қазірге дейін ел бойынша 550 тоннадан аса гуманитарлық көмек жиналды. Бұл көмектің 370 тоннасы қажетті елді мекендерге жеткізілді. Республика бойынша 25 мыңнан аса волонтер түрлі қызмет көрсетіп жатыр», деді ол.

Бұған қоса еліміздегі жағдайға шет мемлекеттер де алаңдаушылық білдіріп отыр. Су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмектің алдыңғы легі бауырлас Қырғыз елінен жетті. Гуманитарлық жүкті Қырғыз Республикасы ТЖМ вице-министрі Урматбек Шамырқанов бастап алып келді. Азық-түлік, киім-кешек, төсек-орын жабдықтары, жылытқыштар т.б. түріндегі гуманитарлық жүк Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарының тұрғындарына жіберіліп жатыр. Сонымен қатар бауырлас Түркия елінен де осындай көмек келе жатқан көрінеді.

Айтып келмейтін апатқа алаңдаулы жұрт жұдырықтай жұмылып, қиындықты бірге еңсеріп жатқаны күпті көңілге демеу беретіні рас. Әсіресе Ақтау – Атырау арасында маңғыстаулық таксишілер жұртты тегін тасымалдап жүргені көпшілікті қуантты. Бұған қоса мемлекеттік күштік құрылымдар да елмен бірге күн-түн демей қалтқысыз қызмет қылып жатқанын байқауға болады. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» демекші, желіде жарияланып жатқан елдің бірлігіне қарап, елді селге де, желге де жібермес жігерлеріне тәнті боласыз. Қазір бізге керегі де – осы.

**Б. ҚАДЫП, egemen.kz.**

## Вся ситуация находится под контролем

Новости о паводковой ситуации в стране обновляются с каждым часом. Везде мобилизуются силы, средства, в ход идут все возможные методы борьбы со стихией. Первые руководители областей во главе с Президентом в круглосуточном режиме контролируют весь спектр действий.

В минувшие выходные Глава государства Касым-Жомарт Токаев снова выступил с обращением к казахстанцам в связи с тяжелой ситуацией с весенними паводками после обильного снеготаяния. Как отметил Президент, произошла природная катастрофа, равной которой не было многие годы и,

возможно, это самое крупное бедствие по своим масштабам и последствиям за последние 80 с лишним лет. Было обозначено, что на борьбу со стихией мобилизованы все ресурсы Министерства по чрезвычайным ситуациям, а также силы Министерства внутренних дел, Национальной гвардии, Вооруженных сил и Комитета национальной безопасности. Акиматы пострадавших регионов работают в круглосуточном режиме, большую помощь на местах им оказывают несколько десятков тысяч волонтеров. Президент подчеркнул, что ситуация тяжелая, но отчаиваться не следует и заявил, обращаясь

к соотечественникам: ни один из вас не останется без внимания государства, всем вам будет оказана финансовая и другая необходимая помощь, все ваши материальные потери будут компенсированы. При этом Глава государства призвал всем не поддаваться панике, доверять только проверенным источникам для получения необходимой информации, объединиться и сплотиться вокруг главной идеи – преодолению стихии и ликвидации последствий.

На сегодняшний день своевременную информацию о паводковой ситуации жители района получают через

официальные страницы в социальных сетях государственных органов, работает в круглосуточном режиме районный противопаводковый штаб. По официальным данным штаба в результате разлива реки Кайракты на территории Вознесенского сельского округа и реки Боксык на территории Капитоновского сельского округа возникла ситуация подтопления улиц и жилых домов, расположенные в непосредственной близости к руслам рек.

Также на днях произошел перелив на мосту внутрипоселковой автодороги местного значения с. Купчановка. Акиматом района были установле-

ны запрещающие знаки об отсутствии движения. Ограничено движение автотранспорта в центральную часть с. Купчановка. На пешеходном висячем мосту через реку Кайракты, соединяющее обе части села. Отделом по чрезвычайным ситуациям Буландынского района для безопасной переправы в пешем порядке населения организовано круглосуточное дежурство. На месте перелива организовано круглосуточное дежурство районного отдела полиции.

**А. АМАНЖОЛОВА, по официальным данным районной противопаводковой комиссии.**

## Область в цифрах и фактах

Объем промышленного производства в январе-феврале 2024 г. составил 279 879,3 млн тенге в действующих ценах, что на 8% больше, чем в январе-феврале 2023 г.

В горнодобывающей промышленности объемы производства возросли на 27,9%, в обрабатывающей промышленности – на 3,1%, в снабжении электроэнергией, газом, паром, горячей водой и кондиционированным воздухом отмечен рост на 33,5%, в водоснабжении, сборе, обработке и удалении отходов, деятельности по ликвидации загрязнений – на 10,9%.

Объем валового выпуска продукции (услуг) сельского хозяйства в январе-феврале 2024 года составил 43 982,4 млн тенге, или 96,5% к январю-февралю 2023 г.

Объем грузооборота в январе-феврале 2024 г. составил 3 960,6 млн ткм (с учетом оценки объема грузооборота индивидуальных предпринимателей, занимающихся коммерческими перевозками), или 92,2% к январю-февралю 2023 г.

Объем пассажирооборота – 188,8 млн пкм, или 98,7% к январю-февралю 2023 г.

Объем строительных работ (услуг) составил 5 054,5 млн тенге, или 117,9% к январю-февралю 2023 года.

В январе-феврале 2024 г. общая площадь введенного в эксплуатацию жилья уменьшилась на 20,6% и составила 95,8 тыс. кв. м, из них в многоквартирных домах – на 26,2% (47,9 тыс. кв. м), общая площадь введенных в эксплуатацию индивидуальных жилых домов уменьшилась на 24,1% (41,9 тыс. кв. м).

[stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)



# ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП – АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА

## Оценивают ущерб и продолжают принимать меры

Ситуация с паводками в регионе остается тревожной. Противопаводковые работы не прекращаются, но повышение температуры продолжает сказываться на подъеме воды в местных реках, что держит акмо-

лия. В соответствии с постановлением Правительства РК от 19 декабря 2014 года № 1358 «Об утверждении Правил возмещения вреда (ущерба), причиненного пострадавшим в результате ЧС» возмещение ущер-

полностью владеют информацией.

– Со 2 по 5 апреля городская комиссия по оценке приняла и рассмотрела 92 обращения, из них 58 направила на оценку, остальные – на рассмотрение, – пояснил Даниярбек Нурсеитов.

Напомним, оценка ущерба проводится в течение десяти рабочих дней, решение о выплатах принимается комиссией в течение трех рабочих дней. При этом работа оценщика, по словам спикера, будет оплачиваться из местного бюджета. На сегодняшний день между городским акимом и независимым оценщиком ИП «Мусабаева А. К.» заключен договор. Оценка ущерба осуществляется только в присутствии пострадавшего и оценщика.

– Возмещение ущерба, причиненного пострадавшим в результате чрезвычайных ситуаций природного характера, будет проведено за счет бюджетных средств местных исполнительных органов, – отметил заместитель акима города по социальным вопросам. – Размер возмещения ущерба определяется исходя из расходов, необходимых для восстановления поврежденного имущества или размера установления имущества вследствие его порчи либо стоимости утраченного имущества по рыночным ценам. Оплата производится в течение 30 календарных дней после принятия соответствующего решения.

Добавим, в настоящее время общий объем ущерба неизвестен, поскольку заявки все еще принимаются.

Ну а пока, как отметил руководитель облуправления внутренней политики, регион готовится к

новой волне паводка: продолжается круглосуточная работа по откачке талых вод и укреплению стен дамб, расширению водопроводных сооружений и очистке арыков. Приняты дополнительные меры по минимизации угрозы жизни и имуществу граждан.

– Дополнительно возведены защитные обвалования протяженностью 32 км, из них в пристольничной зоне более 16 км земляных валов укреплены в течение последних трех дней, – рассказал Алмас Алин. – Укреплена 18-километровая береговая линия водных объектов. Для ликвидации рисков на 64 паводкоопасных участках рек начаты дополнительные взрывные работы. Охвачены населенные пункты четырех районов области, в том числе пристольничной зоны – Аршалынский, Ерейментауский, Целиноградский и Шортандинский районы.

В противопаводковых мероприятиях задействованы все силы и средства – 2,5 тыс. человек, более одной тысячи единиц техники, мотопомп и плавсредств.

– Отмечу, что с первых дней паводков неравнодушные акмолинцы обращаются к нам с вопросами об участии в оказании благотворительной помощи пострадавшим. На сегодня в здании Дома дружбы действует центр «Жомарт жан», которым оказана помощь 111 семьям, пострадавшим от паводков. В целом, членами ААНК и жителями региона оказана помощь на сумму порядка 15,5 млн тенге, – заключил Алмас Аянович.

**Т. САЛИМОВА,**  
**«Акмолинская правда».**



линец в напряжении. Как сообщил на брифинге в РСК руководитель областного управления внутренней политики Алмас Алин, в Кокшетау уже начала работать комиссия по оценке материального ущерба пострадавших от паводка.

– В Акмолинском регионе с начала паводка было подтоплено около пятидесяти домов, более шестидесяти частных придворовых территорий и 18 дворов многоэтажных жилых домов, 11 населенных пунктов остаются без транспортного сообщения и сохраняются 26 переливов, где ведутся работы по восстановлению дорожного полотна, – проинформировал спикер.


Кроме этого, сохраняются повышенные сбросы из Астанинского водохранилища – 300 кубометров в секунду, в сутки – 25,9 млн м<sup>3</sup>. В зоне прохождения рек Нура и Есиль находятся 19 населенных пунктов: среди них: г. Косшы – 79 домов, Целиноградский район – 555 домов, Коргалжинский – 86 и Аршалынский – 257 домов. Всего, по информации УВП, 977 домов.

По словам заместителя акима города Кокшетау по социальным вопросам Даниярбека Нурсеитова, для оценки материального ущерба пострадавших от паводка в областном центре создана комис-

сия. В соответствии с постановлением Правительства РК от 19 декабря 2014 года № 1358 «Об утверждении Правил возмещения вреда (ущерба), причиненного пострадавшим в результате ЧС» возмещение ущер-

ба будет осуществляться за счет бюджетных средств по заявлению. – Сразу отмечу, требования настоящих правил не распространяются на временные строения, хозяйственно-бытовые и иные постройки, не относящиеся, в соответствии с законодательством РК об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, к объектам недвижимости. Не распространяются они и на незаконно построенные объекты, ценную одежду, предметы роскоши либо изготовленные из драгоценных металлов, предметы, имеющие художественную ценность. Имущество, которое в момент возникновения ЧС являлось объектом страхования, подлежит возмещению в порядке, определенном гражданским законодательством, за счет средств страховщика, – отметил Даниярбек Нурсеитов.

Как он сказал, сразу после принятых противопаводковых мер, была организована встреча с жителями затопленных территорий. Разъяснен порядок выплаты материального ущерба населению. Со 2 апреля обращения от пострадавших начали принимать в отделе занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния (ул. Шалкар, 9 А). К слову, здесь организовали пять окон, консультанты



## Тұрғындарға арналған су тасқыны кезеңінде жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша жадынама

1. Ішуге және тамақ дайындауға тек бөтелкедегі немесе қайнатылған суды пайдалану;

2. Су басқан орындарындағы бұлақтардан, құдықтардан және ұңғымалардан суды ішеу;

3. Бөтелкедегі ауыз су қорын қамтамасыз ету және кеміргіштер кіре алмайтын жерлерде жабық ыдыстарда сақтау;

4. Азық-түлік қорын қамтамасыз ету, тасқын суға малынған тамақ өнімдерін пайдаланбау, бұл ретте жарамдылық мерзіміне назар аудару және кеміргіштер мен тасқын су кіре алмайтын жерлерде сақтау;

5. Шикі күйде тұтынатын көкөністер мен жемістерді мұқият жуу (содан кейін қайнаған сумен шаю);

6. Тамақтану алдында, дәретханаға барғаннан, серуендеуден кейін, тамақ дайындау алдында және тамақ дайындау процесінде әр үзілістен кейін қолды сабынмен жуу;

7. Жұқпалы аурулардың белгілері болған кезде (дене қызуының көтерілуі, жүрек айну, құсу, сұйық нәжіс, тамақ ауруы, бөртпе және т.б.) дереу медицина қызметкеріне хабарлау қажет;

8. Емдеу мекемесі жүргізетін медициналық қарап-тексеру кезінде жүрек айну, құсу, сұйық нәжіс, дене қызуының көтерілуі және аурудың пайда болған басқа белгілеріне шағымдардың болуын жасырмау, олар туралы медицина қызметкеріне хабарлау;

9. Аула аумақтарын барлық қоқыстардан таза-лау;

10. Кеміргіштерді жою бойынша жұмыстарын жүргізу;

11. Су тасқынынан кейін барлық үй-жайларды дезинфекциялық ерітінділермен өңдеу.

Сұрақтар туындаған жағдайда Ақмола облысының Бұланды аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына хабарласыңыз тел.: 8 (7164) 622687.

**Д. МУХАМЕТЖАНОВА, Бұланды аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

## Руководитель, вдохновляющий команду идти вперед!

16-го апреля 2021 года в дружный коллектив ТОО «Макинск Жылу» пришёл молодой, перспективный руководитель. С того дня прошло всего три года – три непростых года. Летом 2021 года было

закончено строительство и введен в эксплуатацию Кишкентайский водовод, в конце лета были приобретены и установлены четыре блок-модульных пункта учёта и раздачи воды в сёлах, в которых

отсутствует водопровод. Осенью этого же года был осуществлён переход от мазутной котельной к большой, угольной БМК-1, стоявшей более 7 лет на консервации. Котельная в кратчайшие сроки была подготовлена, налажена работа агрегатов, набран и обучен дополнительный состав рабочих. Котельная была благополучно запущена. На данный момент эта котельная отапливает два крупных района нашего города. В 2022 году подключена большая часть административных зданий центральной части города Макинск к центральному теплоснабжению. В прошедшем году был переподключён посёлок Каменный Карьер к новой котельной БМК-1, этим летом вся заливная часть города была подключена к Кишкентайскому водоводу и обеспечена качественной питьевой водой. За три года приобретено 5 единиц техники: Экскаватор, УАЗ, Ассенизаторская машина, грузопассажирский автомобиль, легковой автомобиль. Отремонтирована вся неисправная техника. Очень большой объём работ был выполнен. При Азамате Богдатовиче на предприятии появилась традиция праздновать конец отопительного сезона с поздравлением и награждением лучших работников сезона. На сегодняшний день предприятие растёт, набирает силу благодаря нашему руководителю Азамату Богдатовичу Алдабергенову.

Уважаемый Азамат Богдатович, желаем Вам крепкого здоровья, стабильности, реализации всех идей, неугаемой энергии и оптимизма.

Пусть Вас окружают только надежные люди, верные друзья, любящие сердца. Незабываемых Вам путешествий, семейного счастья, домашнего уюта.

**С уважением, коллектив ТОО «Макинск Жылу».**



# САПАЛЫ БІЛІМ – САНАЛЫ ҰРПАҚ

## ТАРИХЫ ТЕРЕҢГЕ БОЙЛАҒАН, АСҚАҚ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУГЕ ҮМТЫЛҒАН

2022 жылдың 11 қаңтарында Мемлекет басшысы денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларындағы мәселелерді шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорын құруды тапсырды.

Қазіргі таңда қоғамдық қор көптеген бағыттар бойынша бірқатар жобалар ашып, өңірлерге тиісті қолдау көрсетіп, басты міндеттерді жүзеге асырып келеді.

Қордың бастамасымен «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» атты жобасы шалғайдағы қаншама білім беру мекемелеріне үлкен қуаныш сыйлап, білімнің сапасын арттыруға зор үлесін қосып жатыр.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, елімізде ашылған қоғамдық қордың жомартығы мен көрегендігін ауданымыздың тарихы тереңге бойлаған абыройы білім ошақтарының бірі – қазақ елінің біртуар тұлғаларының атымен аталып отырған Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің үлгісінде көруге болады. Олай айтуымыздың себебі – жоғарыда аталған «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» атты жобасына «Білім беруді тұрақты дамыту қорының» тікелей қолдауымен 2023 жылдың мамыр айынан бастап Макинск қаласындағы Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі кірді! Бұл дегеніміз, мектеп тарихындағы шын мәнінде маңызды да керемет жетістік! Заманауи, жаңа үлгідегі техника, мектеп жиһазы, компьютерлік жабдықтар – осының барлығы оқушылардың білім алуына тиісті жағдай жасау, олардың жоғары технологиялардың дамыған заманында ешкімнен кем болмай, сапалы деңгейде білім алуына жол ашу.

Жалпы «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының мақсаты: еліміздің мықты мектептерімен тығыз әріптестікте ауыл мектептерін дамытудың

тиімділігін арттыру, сондай-ақ ауыл мектептерін материалдық-техникалық жабдықтау және педагогтердің кәсіби дамуында тең жағдайлар жасау есебінен аумақтық және әлеуметтік-экономикалық белгілер бойынша білім беру сапасының алшақтығын қысқартуға жәрдемдесу.

Қазіргі уақытта мектеп-лицейдің 25 оқу кабинеттері, оның ішінде STEM-зертханасы, ART-студиясы, телестудия, акт залы, спорт залы, робототехника кабинеттері құрастырылып, жабдықталды. Жаңа үлгідегі парталар мен орындықтар, тұрғалымның стөлі, шафтар – көз тартып, әр кабинеттің сәнін келтіруде. Ал заманауи техника арқылы ұстаздар сабақты одан әрі қызықты, сапалы өткізуге, оқушылардың кез-келген пәнге деген қызығушылықты арттыруға үлкен мүмкіндік алары сөзсіз. Жобаның жалпы құны 250 миллион теңге.

Жоғарыда айтылғандай, мектепке заманауи тұрғыдағы техника, жиһаз, керекті құрылғылар мен бұйымдар былтырғы жылы әкелініп, толық құрылып, іске қосылды. Қазіргі таңда ұстаздар мен оқушылар игілігін көріп отырғаны нұр үстіне нұр.

Мектептің осындай жетістіктерге жетуі, әрине, мектеп басшылығына тікелей байланысты десек, қателеспейміз. Себебі, мұң-мұқтажын жоғарыға жеткізу, мектептің беделін, өсіп келе жатқан ұрпақтың болашағын, білімнің сапасын арттыру жолдарын іздестіру – мектеп директорының басты миссиясы мен міндеті болып табылады. Ал олай болса, Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің директоры, білім беру саласында көп жылдар бойы еңбек етіп келген ұстаз Азамат Ермеқұлы Қуанышев. Азамат Ермеқұлы басқарып отырған білім беру ошағы ауданымызда абыройы асқақ, білім сапасы жоғары, білім берудің озық дәстүрлерін жалғастырып отырған

мекемелердің бірі. Ауданымыздағы тек қазақ тілінде білім беретін екі мектептің бірісі және ең ірісі. Жалпы, мектеп ең алғаш рет өз есігін 1955 жылы айқара ашып, міне, содан бері халық арасында «Бірінші» болып аталып кеткен үлкен білім ордасы жыл санап үздіксіз дамып келеді. Қазіргі таңда мектепте 595 оқушы оқыса, даярлық сыныбымен қосқанда барлығы оқушылар саны – 603 оқушыны құрайды. Өскеген ұрпаққа білім нәрімен сусындатып, барлық оңтайлы адами қасиеттерді бойына сіңіріп, үлкен өмірге бағыт-бағдар беріп жүрген ұстаздардың саны 50. Олардың ішінде 15 – зерттеуші-педагог, 14 – педагог-сарапшы, 11 – педагог-модератор.

Материалдық-техникалық жабдықтауына тоқталсақ, әрине, мектеп ұзақ жылдар бойы күрделі жөндеуді қажет етіп тұрғаны жасырын емес. Аудан орталығының қақ ортасында орналасқан беделді білім беру ошағы заманауи үлгіде жөнделсе, іші мен сырты көз тартатындай ажарланса, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, мектептің болашағы зор, әлі де талай ұрпақты тәрбиелеп шығаратын керемет потенциалы бар, тек заманымызға сай жөнделіп тұрса, балалар үшін жасалған тамаша қолдау болар еді. Жергілікті атқарушы биліктің және мәслихат депутаттарының таяудағы міндеттерінің бірі – мектеп-лицейінің күрделі жөндеу жобасын жоғары жеңілдігі бюджеттің қарауына енгізіп, қаржының бөлінуіне барынша септігін тигізу.

Өткен сенбі күні Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінде «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы» тақырыбында ата-аналарға арналған жалпы мектепішілік жиналысы өз мәресіне жеткен еді. Жиналыс ерекше, еркін және жаңа заманға сай форматта өткені барша қатысушыға ұнады. Біріншіден, мектеп басшысы Азамат Ермеқұлы ата-аналар қауымын қарсы алып, мектептің өміріне етене араласып, бала тәрбиесіне бей-жай қалмай жүргендіктеріне алғыс білдіріп, бірлескен жұмыс арқылы жақсы нәтижелерге жетуді тіледі. Сонымен қатар, жиналысқа арнайы шақырылған полиция қызметкерлері: учаскелік полиция инспекторы А. Ж. Тулеубаев және аудандық полиция бөлімінің көмелетке толмағандардың ісі жөніндегі полиция қызметкері А. В. Дятлов ата-аналардың назарына балалардың қауіпсіздігі

жайында өзекті ақпарат берді. Полиция қызметкерлері ата-аналар қауымын қай мезгілде болмасын балалардың қауіпсіздігін қатаң бақылауын сұрап, мектептегі оқудан тыс кезде қай жерде жүргендігі туралы үнемі хабардар болуға шақырды. Баланың іс-әрекеттері, мінез-құлықтарына зор мән беріп, қажеттіліктері, қызуғышылықтары жайында сөйлесіп, балаға сенімді дос болуға кеңес берді.

Мектептің оқу сапасы қандай, атқарылып жатқан жұмыстың нәтижелері оңтайлы ма, балалардың жетістіктері бар ма – осы сауалдар төңірегінде мектеп директорының

оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасары Толқын Нурмуқанова өзінің кеңейтілген баяндамасы арқылы мазмұнды әңгіме қозғады. Иә, ауыз толтырып айтатын жетістіктер баршылық: мектеп-лицейдің оқушылары және ұстаздары үнемі ізденіс жолында жүру арқылы аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі сайыс, олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иемденуде. Ал, Халықаралық деңгейдегі жетістіктер – мектеп ұжымы үшін ерекше мәртебе! Мәселен, жақын арада мектептің оқушылары Рауан Шайзан Және Расул Зандыбай робототехника бойынша Республикалық іріктеу турниріне қатысып, жүлделі орынға қол жеткізіп, Турция мемлекетіндегі Анталья қаласында өтетін Халықаралық турнирге қатысуға жолдама алды. Балаларды жаңа заманауи робототехника саласына қызығушылығын оятып, дамытып жүрген ұстаз – мектептің информатика пәнінің ұстазы Байсұлтанбек Бегзан.

Тағы да ата-аналар жиналысына оралатын болсақ, іс-шараның пленарлық бөлімінен кейін мектеп оқушыларының өнерлерін паш еткен мерекелік шағын концерттік бағдарлама ұсынылып, әрі қарай ата-аналармен жұмыс практикалық бөлімінде жалғасын тауып, топтар бойынша бөлініп, тренинг сабақтарына ұласты. Тренингті бастамас бұрын ұстаздар ата-аналарға мектеп ішінде экскурсия жасап, оқу кабинеттері, арнайы бөлмелерге кіргізіп, жаңа техника мен жабдықтарды көрсетіп, оқу процесі қалай жүзеге асырылатыны туралы баяндады. Ал, тренингтік жұмыс келесі бағыттар бойынша өз мәресіне жетті: «Тәрбиенің алтын діңгегі – отбасы» (А. Т. Кенжебаева); «Сөйлеу әдебі – мәдениеттің өлшемі» (Ү. Теңсел, Ж. С. Жаркина); «Қызығушылықты арттыру арқылы оқу сапасының артуына ықпал ету» (Е. Хасихан, Б. Авилган-зы); «Оқушы келбеті қандай болу керек?» (Б. Теңсел, Н. Д. Қуандықова). Практикалық сабақтар өте қызықты әрі тартымды өтті. Ұстаздар ата-аналарды ортақ мәселе төңірегінде жұмылдырып, ашық пікірталас, сұхбатқа тартып, өз ойларын еркін түрде жеткізуге мүмкіндік берді. Тренинг барысында педагогтар мен ата-аналардың арасында жақсы қарым-қатынас орнап, бала тәрбиесіндегі маңызды міндеттер мен талаптар талқыланды. Ата-аналар ұлағатты ұстаздарға өздерінің алғысын білдіріп,

алдағы жұмыста сәттілік тіледі.

Осылайша, ауқымды да кеңейтілген форматта өткізілген іс-шараның ата-аналар үшін алары мол болғанына күмәніміз жоқ, сонымен қатар жиынның басты тақырыбы – тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы – деген даналыққа толы ұғым толығымен ашылғанына көзіміз жетті. Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – отбасы мен мектептен алған үлгі – өнеге жиынтығының жемісі. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Сондықтан, мектепте бала жан-жақты сапалы білім алып, бойындағы қабілеттерін дамытса, отбасы оның азамат ретінде қалыптасуына, қоғамда өз орнына табуына, адами құндылықтарында бойына сіңіріп өсуге көмектеседі. Ал білім ордасы мен отбасы арасында алтын көпір салынса, баланың өмірде алар асуы, сезсіз, көп болады.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейіне қатысты мақаламызды жақсы сөздермен қорытуға тура келеді. Ал, олай болса, біз мектептің өміріндегі тек қана жағымда да қуанышты жаңалықтардың жаршысы, елге таратып, жеткізушісі ретінде мектептің ақпараттық серіктестігі болып қала берейік! Ауыз толтырып айтатындай, жұртшылықпен қуана бөлісетін сүйінші хабарымыз көп болсын! Бұланды ауданындағы 70 жылдық тарихы бар Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің болашағы жарқын, оқушысы іздемпаз, ұстазы ұлағатты, білім сапасы жоғары, абыройы мен беделі асқақ болғай! Жаңа жетістіктер жаңа мүмкіндіктерге жол ашсын!

А. АМАНЖОЛОВА.



## ЕСКЕ АЛУ



### Жарқын бейнең

#### жадымызда

Сынаптай жылжыған уақыт уысымызда тұрмайды. Арда туған атпалдай азамат Асанбаев Мейрамбек Қолғанатулы мәңгілік сапарға шығарып салғанымызға да бір жыл өтті. Өткен жылы дәл осы бір қысылтаяң арпалас кезде, Қайрақты өзені қайратына мініп, ағысы арнасына сыймай жатқанда Мейрамбек Қолғанатулынан мәңгілікке көз жазып қалған едік. Жақсылық жасап Қараөзек ауылының тұрғынын техникасымен судан өткізіп, өзі артқа шығып бара жатып суға кетіп еді. Амал қанша. Жақсылық жасау, біреуге қол ұшын беру, сүрінгенді демеп,

жығылғанды көтеру Мейрамбектің қанында бар қасиет. Өйткені, бала күннен құлын тайдай тебісіп бірге өстік, бір сыныпта оқыдық. Мейрамбектің қазақтылығы, ұлтжандылығы көпке үлгі еді. Жазмышқа не шара, сағына еске алудан басқа қолдан келер қайран жоқ.

Бірге өсіп балдәурен жасымыздан, Талай күндер бірге өтті басымыздан. Амал қанша осыдан бір жыл бұрын, Айырылды ардақты досымыздан.

Оралар ма баяғы бала көктем, Естеліктер мәңгілік қалар өткен. Қайран досым айырып сені бізден, Қайрақтының ағысы ала кеткен.

Өжет едің, ер мінез, қайсар едің, Әрдайым әділдікті айтар едің. Амал қанша, жазмыш қой ал, әйтпесе,

Ағысқа да бой бермей қайтар едің.

Аласармай кетті ғой биік тұлған, Ұл едің ұлтын қатты сүйіп тұрған. Жадымызда мәңгілік қалады дос, Баяғы жарқын бейнең күліп тұрған.

Сағыныштан жанымыз жылап тұр шын, Бір Алла дұғамызға құлақ түрсін. Шәһиттердің қатарынан қылып сені, Мекеніңді мәңгілік жұмақ қылсын.

Көктем болса болды Қайрақты өзені өткел бермей өршеленіп, асау толқындары жолдан асып жығылатын әдеті. Биылда халықты әбігерге салып, алаңдатып отыр. Осы бір жолдың жыры бітпесе әлі қанша адамның көз жасына қалар екенсің Қайрақты?!

З. ЖАЙНАРБЕК.

\*\*\*

## Ровно год, как семья потеряла родного человека

Многие из жителей района помнят трагический случай, произошедший в апреле прошлого года, когда паводки унесли жизнь молодого человека: любимого сына, любящего брата, верного супруга и замечательного отца троих детей – Мейрамбека Қолғанатулы Асанбаева. Переезд на сельскохозяйствен-

ном транспорте через талые бурлящие воды стал роковым для него, судьба отмерила ему короткую жизнь, оставив самую светлую память и незаживающую рану в сердцах его родных и близких.

Эта трагедия случилась в дни, когда паводковая ситуация в районе была на пике. И, конечно, это невосполнимая утрата для его семьи, для детей, которые будут помнить и любить отца, глядя на его образ в фотоальбоме.

История, конец которой очень печальный, не оставила равнодушным никого из земляков, жители повсеместно выставляли в статусах объявления о поисках, молили Аллаха, чтобы он вернулся живым, оказывая колоссальную моральную поддержку семье.

Но...судьба распорядилась иначе...

Светлая память о Мейрамбеке Асанбаеве сохранится в сердцах всех, кто его знал, любил, трудился вместе с ним. Ведь он был очень светлым, позитивным человеком, готовым всегда прийти на помощь. К нему можно было обратиться за советом, поддержкой, а семью и детей он любил по-особенному. Как будто чувствовал, что совсем скоро придет время расставания...

Пусть в этой семье отныне не будет никакого горя, а дети вырастут достойными своего отца. Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа, нұры пейіште шалқысын! Артында қолған ұрпағына Алла амандық пен бақыт берсін!

А. АМАНЖОЛОВА.

# ИСТОРИЯ МАЛОЙ РОДИНЫ

## Мой край! Сторонушка родная!

Мы горячо любим свою родину – Казахстан. Но в душе у каждого человека живет любовь к родному краю, к своей малой родине, где жили его предки, где живет он сам. И чтобы эта любовь не угасла, чтобы каждый мог пронести ее через всю жизнь, нужно как можно больше узнать о своей малой родине и гордиться ею.

